ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АБАЙ ОБЛЫСЫ
071400, СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ
Қ. МҰҚАҒАЛИ ХАНОВ КӨШЕСІ, 9 үй

АБАЙ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
"СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БСН 130340012505
№ 4334
04. 11. 26

№ 51, 52, 53 мектеп басшыларына

«Абай облысының білім басқармасы» ММ «Облыстық инновациялық-әдістемелік орталығы» КММ-нің 2026 жылғы 02 қарашадағы **№ 01-01/1167** хаты негізінде, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Келешек мектептері» жобасы аясында USTEM Foundation қоғамдық қорымен бірлесіп, робототехника, STEM-білім беру, инженерлік жобалау, бағдарламалау және цифрлық технологиялар бағыттары бойынша онлайн вебинарлар сериясын 2026 жылдың 27-қазан – 27-қараша аралығында өткізуді жоспарлап отырғандығын хабарлаймыз.

Вебинарлардың мақсаты – «Келешек мектептері» педагогтерін USTEM Fondation білім беру бағдарламаларымен, Keleshek чемпионатының бағыттарымен, қатысу шарттарымен және жарыстарды өткізу ережелерімен таныстыру, сондай-ақ мектептердің инженерлік-техникалық және STEM бағытындағы білім беру мүмкіндіктерін кеңейту.

Осыған орай, аталған іс-шараға «Келешек мектептері» басшылары мен педагогтерінің (информатика, робототехника, ЖИ, физика, математика немесе STEM пәндерінің мұғалімдері) қатысуларын қамтамасыз етулеріңіз сұралады.

Өткізілу форматы – онлайн.

Өтетін күні: **2026 жылдың қазан айының 27- 27 қараша күндері.**

Қосымша 4 парақта

Қосымша ақпарат алу үшін: +77755311220 нөмірне Сатпаева Н.М. хабарласуға болады.

Бөлім басшысы **А. Нуралдинов**

Орынд. Г.Закирова
Тел. 87000237299

Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы және USTEM Foundation ҚҚ «Келешек» мектептеріндегі STEM бағытын дамыту бойынша оқу жоспары

№	Іс-шара	Орындаушы	Сипаттама	Орындау мерзімі	Қатысушы мектеп саны	Қатысушы аудитория
I. Онлайн таныстыру вебинарлары						
1	**USTEM Foundation ҚҚ туралы кіріспе вебинар**	USTEM Foundation	Қордың қызметімен және бағдарламаларымен толық таныстыру: – USTEM Foundation миссиясы, бағыттары мен негізгі нәтижелері; – қор жүзеге асыратын жарыстар мен бағдарламалар; – Республикалық «Keleshek Championship 2026» чемпионаты; – мұғалімдерге арналған тегін оқыту курстары, тіркелу тәртібі. Онлайн форматта (вебинар) өтеді, соңында сұрақ-жауап сессиясы.	26 қазан, 2026	217	Мектептердің басшылық құрамы, информатика пәні мұғалімдері, мектептердегі STEM және робототехника үйірмелерінің жетекшілері
2	***FIRST* LEGO League бағдарламасы бойынша вебинар**	USTEM Foundation	*FIRST* LEGO League бағдарламасымен толық таныстыру: – FLL Explore (6–10 жас) және FLL Challenge (10–16 жас) санаттары, команда құрамы; – 2026–2027 жылғы «FIRST CANOPY» маусымы, тапсырмалар мен бағалау құрылымы; – команданы құру, қажетті жабдық, *FIRST* жүйесінде тіркелу; – чемпионат кезеңдері: аймақтық, өңірлік және ұлттық жарыстар. Онлайн форматта (вебинар) өтеді, соңында сұрақ-жауап сессиясы.	28 қазан, 2026	217	Мектептердің басшылық құрамы, информатика пәні мұғалімдері, мектептердегі STEM және робототехника үйірмелерінің жетекшілері

3	***FIRST* Tech Challenge бағдарламасы бойынша вебинар**	USTEM Foundation	*FIRST* Tech Challenge бағдарламасымен толық таныстыру: – жас санаты (12–18 жас), команда құрамы (2–15 қатысушы); – роботты құрастыру және бағдарламалау, ойынның автономды және басқарылатын кезеңдері; – маусым құрылымы, тіркелу тәртібі, жарыс кезеңдері мен халықаралық квоталар; – мектепте FTC командасын ашу және дайындау тәжірибесі. Онлайн форматта (вебинар) өтеді, соңында сұрақ-жауап сессиясы.	30 қазан, 2026	217	Мектептердің басшылық құрамы, информатика пәні мұғалімдері, мектептердегі STEM және робототехника үйірмелерінің жетекшілері
4	**Drone бағыты бойынша вебинар**	USTEM Foundation	Дрон технологиялары бағытымен және дрон жарыстарымен толық таныстыру: – Whoop Racing (микро-класс) және FPV Simulator Racing санаттары; – жас дивизиондары, техникалық талаптар мен қауіпсіздік ережелері; – мектепте дрон үйірмесін ұйымдастыру, қажетті жабдық пен симуляторлар; – жарысқа тіркелу және дайындық. Онлайн форматта (вебинар) өтеді, соңында сұрақ-жауап сессиясы.	3 қараша, 2026	217	Мектептердің басшылық құрамы, информатика пәні мұғалімдері, мектептердегі STEM және робототехника үйірмелерінің жетекшілері

5	**Battle of Bots бағыты бойынша вебинар**	USTEM Foundation	Battle of Bots (роботтар шайқасы) жарысымен толық таныстыру: – қатысушылар (13–21 жас), команда құрамы (2–5 адам); – ботқа қойылатын талаптар: өлшемі, салмақ сыныптары, қару түрлері; – жобалау және модельдеу, қуат электроникасы, материалдарды таңдау; – жарыс құрылымы, ұрыс шарттары және қауіпсіздік талаптары. Онлайн форматта (вебинар) өтеді, соңында сұрақ-жауап сессиясы.	6 қараша, 2026	217	Мектептердің басшылық құрамы, информатика пәні мұғалімдері, мектептердегі STEM және робототехника үйірмелерінің жетекшілері
6	**World Space Olympiad (WSO) бойынша вебинар**	USTEM Foundation	World Space Olympiad ғарыштық инженерлік жарыстарымен толық таныстыру: – CanSat, Inventors және Rovers санаттары; – қатысушылар (7–12 сынып оқушылары, бакалавриат студенттері), команда құрамы; – жобаны дайындау, құжаттама және техникалық талаптар; – жарыс кезеңдері мен бағалау критерийлері. Онлайн форматта (вебинар) өтеді, соңында сұрақ-жауап сессиясы.	10 қараша, 2026	217	Мектептердің басшылық құрамы, информатика пәні мұғалімдері, мектептердегі STEM және робототехника үйірмелерінің жетекшілері
7	**DOBOT AI Challenge бойынша вебинар**	USTEM Foundation	Жасанды интеллект және робототехника бағытындағы DOBOT AI Challenge жарысымен толық таныстыру: – қатысушылар (5–11 сынып), команда құрамы (3 оқушы және 1 тәлімгер); – DOBOT Magician робот-манипуляторы және AI модульдері; – жарыс кезеңдері: AI жобасын қорғау және жарыс күнгі жағдаятты орындау; – бағалау критерийлері, бағдарламалау ортасы. Онлайн форматта (вебинар) өтеді, соңында сұрақ-жауап сессиясы.	17 қараша, 2026	217	Мектептердің басшылық құрамы, информатика пәні мұғалімдері, мектептердегі STEM және робототехника үйірмелерінің жетекшілері

8	**CyberLabs (киберқауіпсіздік) бойынша вебинар**	USTEM Foundation, «CyberLabs» ЖШС	CyberLabs киберқауіпсіздік дисциплинасымен толық таныстыру: – қатысушылар (7–12 сынып), жеке қатысу, қатысу тегін; – Interactive Range платформасы және 5 күндік онлайн дайындық бағдарламасы; – қорытынды CTF (Capture the Flag) жарысының форматы және бағалау тәртібі; – тіркелу және оқушыларды дайындау. Онлайн форматта (вебинар) өтеді, соңында сұрақ-жауап сессиясы.	24 қараша, 2026	217	Мектептердің басшылық құрамы, информатика пәні мұғалімдері, мектептердегі STEM және робототехника үйірмелерінің жетекшілері
9	**RoboCup Soccer бойынша вебинар**	USTEM Foundation	Мини-гуманоид роботтар арасындағы робофутбол жарысымен толық таныстыру: – қатысушылар (7–10 сынып), жеке-дара формат; – Ainex HiWonder роботтары және оларды басқару; – ойын алаңы, матч ережелері, лига және плей-офф кезеңдері; – оқушыларды жарысқа дайындау. Онлайн форматта (вебинар) өтеді, соңында сұрақ-жауап сессиясы.	27 қараша, 2026	217	Мектептердің басшылық құрамы, информатика пәні мұғалімдері, мектептердегі STEM және робототехника үйірмелерінің жетекшілері